

# Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

## Қыркүйек 2021 жыл

Сурет: Владислав Воднев



# Мазмұны


01 Іріктеме туралы ақпарат

02 Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі экономика бойынша

03 Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік индексі

04 Іскерлік белсенділік индексі Қазақстан аймақтары бойынша

05 Басқа мемлекеттердің PMI индексі

06 Бизнес-ахуал индексі



# 01
# Іріктеме туралы ақпарат

2021 жылғы қыркүйектегі респонденттердің саны – ***462 кәсіпорын***.




- *Іскерлік белсенділік индексі - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индекс.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*



## Респондент - кәсіпорындардың салалық құрамы




## Респондент - кәсіпорындардың өлшемдік құрамы





# 02

## Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)

# Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)




2021 жылғы қыркүйектегі нақты сектордағы 462 кәсіпорынға жүргізілген ай сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша іскерлік белсенділік индексі 0,4 тармаққа төмендеп, **49,8** құрады (тамызда – 50,2).

Қызмет көрсету секторында индекс **49,1**, өнеркәсіпте – **50,9**, құрылыста – **49,3** деңгейінде қалыптасты (тамызда – тиісінше 50,7, 49,1, 51,9).

** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

*Экономика бойынша біріктірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні*

| Экономика бойынша ІБИ | Құрылыс секторы бойынша ІБИ | Қызмет көрсету секторы бойынша ІБИ | Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ |
|---|---|---|---|
| 49,8 | 49,3 | 49,1 | 50,9 |




# 03

## Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)

# Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)




** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Іскерлік белсенділіктің өсуі **өнеркәсіпте** орын алды, онда индекс 1,8 тармаққа өсіп, **50,9** құрады. Өнеркәсіптегі индекстің жақсаруына жаңа тапсырыстар, жұмыспен қамту деңгейі және жаңа өнімнің артуы әсер етті.

**Құрылыс** және **қызмет көрсету** секторларында индекстер тиісінше 2,6 және 1,6 тармаққа төмендеп, **49,3** және **49,1** құрады. Құрылыс секторындағы индекстің нашарлауы іскерлік белсенділік және жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуімен, ал қызмет көрсету секторында - жаңа тапсырыстар мен жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуімен, сондай-ақ жеткізу мерзімінің ұлғаюымен байланысты.

*Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің өзгерістерінің жиынтығы ретінде есептеледі*



# 04 Қазақстан аймақтары бойынша Іскерлік белсенділік индексі

### 2021 жылғы қыркүйектегі аймақтар бойынша ІБИ




### 2021 жылғы тамыз - қыркүйектегі ІБИ динамикасы




Қазақстан аймақтары бойынша кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің жақсаруы 10 өңірде орын алды: Түркістан (**54,9**), Шығыс Қазақстан (**53,8**), Алматы (**53,4**), Маңғыстау (**53,3**), Қарағанды (**53,0**) облыстарында, Нұр-Сұлтан қаласында (**52,3**), Павлодар (**51,0**), Солтүстік Қазақстан (**50,9**), Батыс Қазақстан (**50,5**) және Қостанай (**50,1**) облыстарында.

Іскерлік белсенділіктің төмендеуі 7 өңірде орын алды: Қызылорда (**40,2**), Ақтөбе (**44,9**) облыстарында, Алматы қаласында (**45,8**), Шымкент қаласында (**48,5**), Жамбыл (**48,6**), Атырау (**49,0**) және Ақмола (**49,7**) облыстарында.



# 05

# Басқа мемлекеттердің PMI индексі

# Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің жиынтық PMI индексінің динамикасы




*08.10.2021ж. мәліметтер*
*Дереккөз: https://tradingeconomics.com; https://www.markiteconomics.com*
*Түркия және Голландия бойынша өнеркәсіптегі PMI*



# 06

## Бизнес-ахуал индексі (БАИ)

# БИЗНЕС-АХУАЛ ИНДЕКСІ (БАИ)
## Ағымдығы жағдайды бағалау




*Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Кәсіпорындар ұсынылған жауаптардың бірін таңдайды «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Үлестер салмақтанып есептелінеді.
Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

**Бизнес-ахуалды бағалау факторлары, ЖТ***




| | Өнеркәсіп | Қызмет көрсету | Құрылыс |
|---|---|---|---|
| Өнімге/қызметке сұраныс | 7,5 | 3,4 | 5,3 |
| Бизнесті қорғау мәселелері | -1,2 | -4,3 | -4,0 |
| Инфрақұрылым | 1,7 | 1,9 | 11,5 |
| Салық ауыртпашылығы | -2,2 | -5,1 | -0,8 |
| Қаржының қол жетімділігі | -2,8 | 2,6 | 14,7 |

2021 жылғы қыркүйекте респонденттердің бағалауы бойынша **ағымдағы бизнес-ахуал** тамыз айына қарағанда **нашарлады**. Жауаптар теңгерімі* карантиндік шектеулердің жалғасуы салдарынан **1,7-ден (-)1,0-ге** дейін төмендеді.

Өнеркәсіпте көрсеткіш (-)2,8, құрылыста – 8,1, қызмет көрсету секторында (-)0,9 құрады.

Респонденттер өнімге/қызметке сұранысты (**5,1**), коммуникациялардың қол жетімділігін (**2,5**) және қаржы/несиенің қол жетімділігін (**1,4**) оң бағалады.

Бизнесті қорғау мәселелері және салық ауыртпашылығы өткен айдағыдай теріс бағаланды **(-)3,1** және **(-)3,7**.

# Бизнес-ахуал индексі (БАИ)
# Бизнес-цикл «сағаты»

## Бизнес-цикл «сағаты»




| Экономика бойынша БАИ | Құрылыстағы БАИ | Қызмет көрсетудегі БАИ | Өнеркәсіптегі БАИ |
|---|---|---|---|
| 6,1 | 13,9 | 4,7 | 6,7 |

2021 жылғы қыркүйекте респонденттердің деректері бойынша **ағымдағы** бизнес жағдайды бағалау бойынша жауаптар теңгерімі **(-)1,0** құрады (тамызда + 1,7). Алдағы **6 айдағы күтімдер** бойынша жауаптар теңгерімі **13,5** құрады (тамызда – 17,6). Ағымдағы жағдайды теріс бағалау кезіндегі оптимистік күтулер бизнес-цикл "сағатының" **көтерілу** аймағына сәйкес келеді. Осылайша, елдегі экономикалық белсенділік баяулап көтерілу аймағына қайтып оралды.

Ағымдағы және болашақтағы бизнес-жағдайының орташа бағасы болып табылатын **бизнес-ахуал индексі** экономика бойынша нашарлап, 6,1 құрады (тамызда – 9,5). БАИ төмендеуі ағымдағы жағдайды (1,7-ден (-)1,0-ге дейін) және болашақтағы жағдайды (17,6-дан 13,5-ке дейін) бағалаудағы оптимизмнің төмендеуімен байланысты. Құрылыс пен өнеркәсіпте БАИ сәйкесінше 13,9 және 6,7 құрады. Қызмет көрсету секторындағы көрсеткіш экономика бойынша мәннен (6,1) төмен болып, 4,7-ні құрады.

*БАИ, Ifo институтының әдістемесіне сәйкес, жауаптар балансының орташа геометриялық мәні

Бизнес-ахуал индексі (БАИ) → Ағымдағы экономикалық жағдай (АЖ); Болашақ экономикалық жағдай (БЖ)

**БАИ*=**$\sqrt{(ЖБ(АЖ)+200)*(ЖБ(БЖ)+200)}$**-200**

**ЖБ – жауаптар балансы**
**АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай**
**БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай**



Сурет: Владислав Воднев

# Әдіснамалық түсініктеме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптардың жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазарту мен ЖІӨ-дегі салалық жалпы қосылған құн үлесін қайта бағалау себібінен индекстердің мәні өзгеруі мүмкін.
- ✓ Бизнес - ахуал индексі мен бизнес-цикл «сағаты» Ifo институтының (Германия) әдістемесіне сәйкес жасалған.

**Ақша-кредит саясаты департаменті**
**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**